

Х.С. Молдабаев¹
С.Т. Мехмет²
Н.Ж. Көшкенов³

^{1,3}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²Хажы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия
(E-mail: moldabaev@mail.ru, msezaiturk@gmail.com, nkzh@mail.ru)

Өңірлік телеарналардағы техникалық өзгерістер: формат ерекшеліктері

Аңдатпа. Бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде, телеарналардың жұмыс істеу тәсілдері мәселелеріне қатысты ғалымдар диссертация қорған, ғылыми мақалалар жазып жатыр. Телеарна пайда болғаннан бастап әртүрлі өзгерістерге ұшырады. Оның ішінде, контентке, жабдықтары мен көрсетілімнің сапасы да өзгеріп отырды және әлі де өзгеретіні сөзсіз. Алайда өңірлік телеарналар қашанда осы зерттеулерде қамтылмай қалады, себебі әр өңірдің телевизиясы жайлы жазып жатқандар кемде-кем. Материалдың аз, оның үстіне, кейбір аймақтық арналардың мұрағаттарында құжаттар сақталмаған. Дегенмен, автор түрлі материалдарға сүйене отырып, телеарналарда болған технологиялық өзгерістерді және формат ерекшеліктерін нақты мысалдарға, медиа сарапшылардың еңбектеріне сүйеніп жазған.

Түйін сөздер: медиакеңістік, медиа-жүйе, өңірлік медиа-жүйелер, трансформация, жаңа технология, телекамера, облыстық теле және радио комитет, жаңа формат.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2020-132-3-62-67>

Түсті: 20.04.20 / Қайта түзетілді: 23.06.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 30.09.20

Бүгінгі таңда техника күн санап өзгеріп жатыр. Мәселен, компьютерлердің процесстерлері күшейеді, камералардың форматы ауысады және басқа да телевизия техникасының жаңарып отыратынын заңдылыққа айналды. Республикалық телеарналарға техниканың жаңаруынан қалмай, дер кезінде сатып алып, қолданысқа енгізу мүмкіндігі өңірдегі телеарналарға қарағанда көбірек. Аймақтық телеарналар, оның ішінде, жеке-меншіктері қаншама. Оның үстіне, жаңа медиа дамып бара жатқандықтан аймақтағы телеарналарға бәсекелестік ортада артта қалып қалмау жағы қиындай түсті.

Қазақ телевизиясы 1958 жылы құрылғаны белгілі. Сол кезден бастап телеарнадағы техника жылдар бойы өзгеріске ұшырап отырды. 2008 жылы Қайнар Олжайдың құрастыруымен жарыққа шыққан «Ұлттық арна ұлағаты» атты кітаптың «Бұл істі студенттер

бастаған» тақырыбындағы Өскеменнің Стаханов көшесінде орналасқан телестудия туралы жазылған мақалада «Валерий Реснянский радиотелеорталықтың техникалық зертханасына жолдамамен келді. Ол кезде студиядағы «КТ-27» камерасы аса үлкен болмағанымен, жарық өте көп жұмсалатын, студия ішінде хабар жүргізгендер немесе қатысқан қонақтар бусанып кететін», - деп жазылған [1, 198 б]. Осы мақалада айтылған «КТ-27» камералары 1935 жылы құрылған бүкілолдақтық телевидения зерттеу институтында жасалып, шығарылды. Бас құрастырушысы - Б.А. Берлин [2].

Мақаладан тағы бір мысал келтірген жөн. «1959 жылы кино өндірісі құрылды. «Киев-С» қарапайым камерасы 1 минуттық түсірілімге 15 метрлік пленка жұмсайтын. Пленкаларды қабымен таситын, дыбыс жазу техникасы да өте үлкен. Қала мен даладан әкелген мыңдаған километрлік пленкаларды қолмен жөнге кел-

тіретін алғашқы шебер Мария Стахнеева еді. Жұмыс қолмен атқарылды. Кейіннен кішкентай «Киевтерді» «Кинор», «Пентафлекс» сияқты ауыр салмақты кәсіби камералар айырбастады» [1, 199 б]. Яғни, осы арқылы өңірдегі телеарналардағы алғашқы камералардың атауларын байқауға болады және оларды пайдалану тым күрделі екенін көреміз.

«1965 жылы Мәскеу конструкторлық бюросы 16-мм «Кинор» аппаратын шығарды (модель 16СХ). Бұл, тіпті, техникалық мүмкіндіктері жағынан шетелдік камералардан асып түскен. Ал, оның 16СХ-М и 16СХ-2М аталатын екі моделін «Москинап» зауыты шығарды. Олар ұзақ уақыт бойы отандық және шетелдік тұтынушылар үшін документалды фильм түсіріліміне пайдаланылды. Аталмыш конструкторлық бюро 1982 жылы кең мүмкіндіктерге ие және салмағы 15 келі дыбысы 29 дБ «Кинор-35С» тек қолға ұстап емес, синхронды штатив арқылы да қолдануға болатын аппарат шығарды. Оның өндірісі 1987 жылға дейін жалғасты. «Кинор-35С» базасында «Кинор-35Н» құрастырылды және бұл жаңа камера киноөндірістің сұранысына ие болды, себебі дыбысы 32 дБ, ал салмағы 11,5 келі еді. Оның сериялық өндірісі 1993 жылға дейін жалғасқан [3, 30 б]. Осы камералар сол кездегі облыстық телевидение және радио хабарлар комитеттеріне таптырмас құралдар болып, жылдар өткен сайын жаңа аппараттар ескілерін алмастырылды. Соның арқасында бейненің де сапасы артып отырды.

1976 жылы Жапония нарығында JVS корпорациясы шығарған VHS өнімдері пайда болды. Оны құрастырушы инженер Сидзуо Такано еді. Осы кезде республикалық арналардан бөлек, аймақтағы телевидение және радио хабарлар комитеттері жаңа техникалармен жабдықтала бастады. Яғни, өңірлердегі комитеттер артта қалып қойған жоқ, заман ағымымен жүріп отырды.

1982 жылы нарықта VETACAM камералары шыға бастады, оның өндірушісі «SONY» компаниясы еді. Аталмыш камералар 1990-2000 жылда аралығында пайланылды. Бұл туралы белгілі журналис, медиа менеджер Махат Садық 2004 жылы жарыққа шыққан

«Деректі фильмнен үлкен киноға дейін» кітабында жазған еді. «Аналогтық (бір-біріне сәйкес) форматтағы бейнежазба камералары VHS, S-VHS, HI8 тұрмыстық деңгейде пайдаланылуды. Олар телевизиялық қолданыстан шығып қалды. Енді цифрлық формат оларды тұрмыстық пайдаланудан да бірте-бірте ығыстырып шығаратын уақыт алыс емес. Осы аналогтық сипаттағы кәсіби «VETACAM SP» форматындағы аппаратураны «SONY» компаниясы жасауды тоқтатты. 2004 жылдың мамырынан бастап «Digital VETACAM» форматын шығаруда қажетсіз деп табылды. Өйткені оның сапасы жоғары болғанымен бағасы да өте қымбат» [4, 30 б]. Яғни, осы тұста, 2004 жылдан бері аталмыш форматтар кешегі күннің естелігі ретінде қала берді.

Марат Барманкұловтың еңбектеріне сүйенген де дұрыс болар. Ол өзінің «Телевидение: деньги или власть» атты кітабында «жай ғана HI емес, HI8 пайда болғанда, яғни жоғары сапалы «восьмерка» пайда болғанда «S-VHS» камераларынан асып түсті. HI8 сапасы жағынан VETACAM-ға жақын. Олардың сапасы кәсіби деңгейде», - деді. 1985 жылы HI, 1989 жылы HI8 шықты және 1990 жылдардың соңына дейін өзектілігін жойған емес. Мұны мысалға келтіріп отырған себебім, осы уақыттарда республикалық арналардың техникасы жаңарып жатты. Бұл үрдістен облыстағы телеарналар тыс қалған емес. Оларда бюджетіне қарай техникаларын жаңартып отырды, алайда қазір сол кездегі камералар мен құралдар бұрынғы облыстық телевидение және радио хабарлар комитеттерінің, ал қазіргі «Қазақстан» РТРК» АҚ филиалдарының музейлеріндегі экспонаттарға айналды.

Ал 1993 жылы DV форматы ресми таныстырылды. Бұл кезде пайда болған форматтарды түсінікті болу үшін кесте түрінде берген дұрыс.

Бұдан кейін 2003 жылы XDCAM SD, XDCAM HD, XDCAM EX және XDCAM HD422 дәуірі басталды. Бейне арнайы дискілерге түсіріледі және олардың сыйымдылығы 23 ГБ, 50 ГБ, 128 ГБ болып келеді, яғни өте ыңғайлы.

Бұл форматтағы кадрдың өлшемі 720x576-ден бастап, 1920x1080-ге дейін барады.

Кесте 1. Формат және оның мүмкіндіктері (Ескертпе-кесте автордан)

Формат	Шыққан уақыты	Мүмкіндігі
DV	1993 ж. SONY Panasonic, Philips, Hitachi, JVS бірлесе	720x576, 4:2:0 (626/50)
720x480, 4:1:1 (525/60)		
MiniDV	1995 ж. SONY	720x576
DVCPRO	1995ж. Panasonic	720x576, 4:1:1 (626/50)
720x480, 4:1:1 (525/60)		
DIGITALS	1995 ж. JVS	720x576, 4:2:2(626/50)
720x480, 4:2:2 (525/60)		
DVSPRO Progressive	1995ж. Panasonic	576p, 4:2:0P
480p, 4:2:0P		
DVCAM	1996 ж. SONY	720x576, 4:2:0 (626/50)
720x480, 4:1:1 (525/60)		
DVCPRO50	1997ж. Panasonic	720x576, 4:2:2(626/50)
720x480, 4:2:2 (525/60)		
Digital8	1999 ж. SONY	720x576, 4:2:0 (626/50)
720x480, 4:1:1 (525/60)		
DVSPROHD	2000 ж. Panasonic	1080i60: 1280x1080(16:9), 4:2:2
1080i50: 1440x1080(16:9), 4:2:2		
720p60, 720p50: 960x720 (16:9)		
HDV	2003ж. JVS	1440x1080 п (16:9)

Осы ретте түсінікті болу үшін жалпы форматтардың мүмкіндіктерін келесі кесте арқылы берген жөн.

Кесте 2. Формат және оның мүмкіндіктері (Ескертпе-кесте автордан)

Формат	Экран мүмкіндіктері
SD	720x576
720x480	
352x288	
HD	1280x720
Full HD	1920x1080
2K	2048x1152
Ultra HD	3840x2160
5K	5120 x2880
8K	7680 x4320
16K (QUHD)	Құрастырылып жатыр

Осы кестеге назар аударатын болсақ, форматтар алдағы уақытта да өзгере беретінін аңғаруға болады.

Ал, жоғарыда көрсетілген әртүрлі форматтағы техникалардың үздіксіз жұмыс істеуі қа-

жет. Кезінде ол үшін тиісті ережелер болған. Мәселен, телеарна, радио хабар тарату және телевизиялық кино өндірісі техникаларын пайдалану туралы ережесі әр телеарнадан пайдаланылған. Ол арнайы кітапша болатын. Солардың бірі 1983 жылы 3000 данамен шыққан кітапты қолға түсірдік. Оның бірінші тарауының 1.1.4. тармақшасында «Настоящие правила обязательны для выполнения всеми работниками предприятий и организаций Государственного комитета СССР по телевидению и радиовещанию. За нарушение настоящих Правил работники, обслуживающие технические средства или использующие их, несут персональную ответственность». Ал, 1.1.6. тармақшасында «Все работники предприятий и организаций системы Гостелерадио СССР, обслуживающие и использующие технические средства, обязаны сдать экзамен по настоящим Правилам и своему рабочему месту. К работе с оборудованием допускаются лица только после успешной сдачи экзамена» [5, 30 б]. Яғни, сол кездері тәртіп, әрі талап қа- таң еді. Кез келген адам тиісті техникамен жү-

мыс істеуге жіберілмейтін, алдымен, сыннан өтетінін көріп отырмыз.

Аталмыш ережелерде техникалық қадағалау туралы да жазылған. V тараудың 5.1.1. тармақшасында «Одним из условий обеспечения качественной бесперебойной работы технических средств телевидения является правильно организованный технический контроль на всех этапах подготовки и выдач передач в эфир», - деп атап көрсетілген. Осыған байланысты тиісті бөлімдер мен арнайы топтар жасақталған. «5.2.2. Служба технического контроля размещается в акустически обработанном помещении, в котором устанавливается контрольно-измерительная аппаратура, видеоконтрольные устройства и телевизионные приемники, а также имеется оперативная связь» [5, 30 б]. Техникалық құралдардың ақаулықтарын байқаған кезекші қызметкер бұл туралы КСРО байланыс министрлігінің кезекшісіне дереу хабарлап отырған. Ол ақау туралы ақпаратты тиісті журналға нақты уақытын көрсетіп, ақаудың ұзақтығын және бұл туралы кімге хабарланғанын жазатын. Бұдан соң комитет басшысы тиісті шешім қабылдайтын. Бірақ бүгінгі таңда бұл кезең өтіп, оны орнын басқа да жаңа технологиялар басты. Қазір телеарнаға көп адамның қажеті шамалы, бір адам бірнеше құрылғына басқаруға болатындай жағдай жасалып жатыр.

Технологиялық өзгерістер, жаңа форматтардың шығуы жұмысты жеңілдетеді және сапаны арттырады. Алайда, жаңа жүйеге көшу барасында проблемалар бар. Қазір аймақтардағы телеарналарда катушка мен лентадағы және VHS касеталарында мұрағаттағы бейнелер көп. Яғни, олардың барлығы аналогтық хабарлар (мұрағаттағы), эфирге бермес бұрын цифрландырып, серверге салу керек. Ал бүгінгі таңда ленталардан көшіретін магнитофонды қойып VHS бейне магнитофондарын табу қиын. Бар болғанның өзінде барлық бейнені компьютерге енгізу тиісті уақытты қажет етеді. Ең бастысы, архивтегі материалдар келешекке қажет, оны көшіру үшін әр арнада жағдай жасалуы тиіс.

Өңірлердің жаппай цифрлық хабар таратуға көшуі қуантарлық жағдай. «Телера-

дио хабарларын тарату туралы» заңға сәйкес мемлекет жарты жыл көлемінде эфирлік цифрлық телерадио хабар таратуға ауысудың уақытын белгілеуі қажет. Цифрлық телевидение деген не? Бұл видео белгі мен дыбыс таратудың жоғары сапасы. Сондай-ақ, визуалды кедергілерді жойып, эфирдегі тұнық дыбысты қамтамасыз етеді. Осылайша, отандық телеарналарды ақысыз цифрлық сапада тамашалау мүмкіндігі туады. Астана мен Алматы қалаларында, облыс орталықтарында 30 арнаға дейін көруге болады. Кезінде еліміздің ең шалғай елді мекендері және тұрғындары аз қоныстанған ауылдарда 2-3 арнаны ғана көруге мүмкіндік бар еді. Ендігіде, 15 отандық телеарнаны жоғары сапада тамашалайтын болады», - деп айтып еді тиісті министрлік өкілдері [6].

Еліміз бойынша барлық өңірлер цифрлық хабар таратуға көшсе, сапа артатыны сөзсіз. Осы уақытқа дейін Маңғыстау, Жамбыл, Түркістан толықтай цифрлы хабар таратуға ауысты, енді кезең-кезеңімен басқа да аймақтар көшіріліп жатыр. Яғни, аймақтағы телеарналарды әлі де технологиялық өзгерістер күтіп тұр. Егер цифрлық хабар таратуға көшкен жағдайдың өзінде әр арна өзінің ішкі құрал-жабдықтарын SD форматынан HD-ға ауыстыру қажет. Бұл процесс, әсіресе, жеке-меншік арналарға қосымша қиындықтар әкелуі ықтимал. Себебі техниканың көпшілігі доллармен сатып алынатындықтан құралдар қымбаттап кеткені белгілі.

Цифрлық хабар таратудың тағы бір мәселесі аймақ тұрғындары теледидарлары ескі болған жағдайда тиісті құрылғына сатып алу керек. Егер теледидарлары цифрлық бейнені қабылдауға жарамды болса, ешқандай кедергі жоқ. Керісінше, азаматтар кабельдік операторлардан бас тартуы ықтимал. Сол кезде кабельдік операторлардың қызметін пайдаланатын адамдар саны күрт төмендеуі мүмкін. Сондықтан мұндай қызмет көрсетуші компанияларға да осы бастан өздерінің тұтынушыларымен жұмыс істеу әдістерін өзгерткен абзал.

Қорыта келгенде айтарымыз, жалпы технология тоқтамайды, керсінше, одан әрі

дами беретіні сөзсіз. Сол технологияға бейімделу жолында жұмыс істеген абзал. Аймақ телеарналары үшін шығынды азайту басты мәселе болса керек. Ол үшін виртуалды студияға көшкен де дұрыс болар. Себебі виртуалды студияның арқасында шұғыл жаңа хабар ашып, оған қалаған фон орнатуға мүмкіндік зор. Нәтижесінде жылдағыдай жаңа теле-

маусымның ашылуына жаңадан декорация жасаудың қажеттілігі жойылады. Аймақтық телеарналар әлемдегі бұл өзгерістерден алыс емес. Тіпті, бірқатар арналар осындай студиялармен жұмыс істеп, өздерінің қаржыларын үнемдеуге көшті. Ал, виртуалды студияның қайсысы ыңғайлы, әрі тиімді екенін зерттеу алдағы уақыттың еншісінде.

Әдебиеттер тізімі

1. Олжай Қ. Ұлттық арна ұлағаты. -Алматы: «Қазақстан» РТРК АҚ, 2008. - 208 б.
2. Энциклопедия телевидения Кузбасса. [Электрон. ресурс] – URL: <http://wiki.vesti42.ru>. (Қаралған күні: 15.04.2020)
3. Научно-технический журнал «Мир техники кино». – Москва: ООО «ИПП «Куна», 2008. – 48 с.
4. Садық М. Деректі фильмнен үлкен киноға дейін. -Астана: Фолиант, 2004. - 276 б.
5. Правила использования техники производства телевидения, радиовещания и телевизионного кино. - Москва: Правда, 1983. – 104 с.
6. Дәурен Абаев Қазақстан цифрлық хабар таратуға толығымен қашан көшетінін айтты. [Электрон. ресурс] – URL: https://lenta.inform.kz/kz/dauren-abaev-kazakhstan-cifrylyk-habar-taratuga-tolygyymen-kashan-koshetinin-aytty_a3221256. (Қаралған күні: 15.04.2020)

References

1. Olzhay K. Ul'tytk arna ulagaty. [History of the national television channel]. (Almaty, «Kazakhstan» RTRK AK, 2018, 208 p.). [in Kazakh]
2. Enciklopedia televideniya Kuzbassa. [Encyclopedia of television Kuzbass] [Electronic resource] Available at: <http://wiki.vesti42.ru> (Accessed: 15.04.2020). [in Russian]
3. Nauchno-tehnicheskii zhurnal «Mir tehniki kino» [Scientific and Technical Journal «World of cinema technology»] (Moscow, ООО «IPP «KUNA», 2008, 48 p.). [in Russian]
4. Sadyk M. Derektifil'mnen ulken kinoga dei'n [From a documentary to a big movie]. (Astana, Foliant, 2004, 276 p.). [in Kazakh]
5. Pravila ispolzovaniya tehniki proizvodstva televideniya, radioveshanya i televizionnogo kino. [Rules for the use of production techniques for television, radio broadcasting, and television movies] (Moscow, Pravda, 1983, 104 p.). [in Russian]
6. Dauren Abaev Kazakhstan cifrlik habar taratuga tolik kashan koshetinin aitti. [Dauren Abaev announced when Kazakhstan will completely switch to digital broadcasting] [Electronic resource] Available at: <http://lenta.inform.kz/en/> (Accessed: 15.04.2020). [in Kazakh]

Х.С. Молдабаев¹, С.Т. Мехмет², Н.Ж. Кошкенов³

^{1,3}Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

²Университет Хаджи Байрам Вели, Анкара, Турция

Технические изменения на региональных телеканалах: особенности форматов

Аннотация. На сегодняшний день в научном мире всё большее внимание уделяется вопросам, касающимся методов работы телеканалов. Телевидение с момента создания подвергалось значительным изменениям. Существенно поменялся подход к подготовке контента, усовершенствовано оборудование и, соответственно, качество передаваемой информации стало выше. Однако различные исследования обходят стороной региональные телеканалы. Нужно признать, что, возможно, это связано с нехваткой соответствующей литературы.

Автором в данной статье проведена работа по структуризации хронологии изменений технологии и формата передачи информации, с ссылками на некоторых экспертов в области телевидения.

Ключевые слова: региональные телеканалы, новые медиа, трансформация, новые технологии, телекамера, областной комитет по телевидению и радиовещанию, новый формат.

Kh.S. Moldabaev¹, S.T. Mehmet², N.Zh. Koshkenov³

^{1,3}L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

²Haci Bayram Veli University, Ankara, Turkey

Regional TV channels: technical changes and format features

Abstract. Today, the scientific world is paying more and more attention to issues related to the working methods of TV channels. Television has undergone significant changes since its creation. The approach to content preparation has changed significantly, the airing has been improved, and accordingly the quality of transmitted information has become higher. However, various studies avoid regional TV channels. We must admit that this may be due to a lack of relevant literature.

In this article, the author works on structuring the chronology of changes in the technology and format of information transmission, with references to some experts in the field of television.

Keywords: regional television channels, new media, transformation, emerging technology, television camera, regional Committee for TV/radio, new format.

Авторлар туралы мәлімет:

Молдабаев Хасен – негізгі автор, «6D050400–Журналистика» мамандығының 1 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Көшкенов Нұржан – «6D050400–Журналистика» мамандығының 1 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Мехмет Сезай – профессор, Хажы Байрам Вели Университеті, Байланыс факультеті, Анкара, Түркия.

Moldabayev Khasen – main author, 1st year PhD student of the specialty «6D050400 - Journalism», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Koshkenov Nurzhan – 1st year PhD student of the specialty «6D050400 - Journalism», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Mehmet Sezai – Professor of the Haci BayramVeli University, Faculty of communication, Ankara, Turkey.